



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына,
«AMANAT»
партиясы фракциясының
мүшелеріне

2023 жылғы 27 сәуірдегі № ДС-111 сауалға

Құрметті депутаттар!

Сіздің депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеуге қатысты

2018 жылдан бастап пилоттық режимде 7 мемлекеттік органда (МҚИА, СҚА, Әділетмині, Астана, Алматы, Шымкент және Маңғыстау облыстары әкімдіктері) факторлы-балдық шкалаға негізделген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі апробациядан өтті.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне жергілікті атқарушы органдарды толық көшіру қамтамасыз етілді.

Орталық мемлекеттік органдарды еңбекақы төлеудің жаңа жүйесіне көшіру 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2024 жылдың 1 қаңтары кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі бойынша мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы лауазымдарды деңгейлер мен функционалдық блоктар (А, В, С) бойынша бөлу және еңбекақы төлеу схемалары негізінде белгіленеді.

Бұл ретте әрбір лауазым мынадай: білім деңгейі, құзыреті және жұмыс тәжірибесі, шешілетін мәселелер саласы және олардың күрделілік дәрежесі, мемлекеттік органның қызмет нәтижелеріне әсер ету дәрежесі факторлары бойынша бағаланды.

Мысалы, әкімшілік лауазымдар деңгейлер мен функционалдық блоктар бойынша бөлінген (жоғары басшы персонал – «А» корпусы), «А» (негізгі персонал), «В» (көмекші персонал) және «С» (қосалқы персонал).

Анықтама ретінде: «А» функционалдық блогына лауазымдық өкілеттіктері стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге және іске асыруға, шешімдерді дайындауға, мемлекеттік саясатты айқындауға және іске асыруға **тікелей** әсер ететін қызметкерлер жатады;

«В» функционалдық блогына лауазымдық өкілеттіктері стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге және іске асыруға, шешімдерді дайындауға, мемлекеттік саясатты айқындауға және іске асыруға **жанама** әсер ететін қызметкерлер жатады;

«А» және «В» блоктарына енгізілмеген қызметкерлер «С» функционалдық блогына жатады.

Мемлекеттік органдар функционалдық блоктар бойынша бөлуді олардың алдында тұрған басым міндеттерге байланысты дербес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі (*бұдан әрі – МҚИА*) мемлекеттік органдарды жоспарлы тексерулер кезінде блоктар бойынша лауазымдарды бөлудің объективтілігін тексереді.

Жалақы схемасы бойынша саяси лауазымдар – 11 деңгейге, әкімшілік лауазымдар – 15 деңгейге топтастырылған.

Еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу орталық пен өңірлердің атқарушы буындарының арасындағы жалақысының айырмашылығын азайтуға, мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыруға, кадр тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық пен этикалық құқық бұзушылықтардың санын азайтуға мүмкіндік берді.

МҚИА ақпараты бойынша мемлекеттік органдарда еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу келесі нәтижелерді көрсетті:

1) кадрлардың ауысуы 1,6 есе қысқарды (2020 жылы – 4,5%, 2021 жылы – 4,3%, 2022 жылы – 2,7%);

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған мемлекеттік қызметшілердің саны 2 есеге қысқартылды (2020 жылы – 82, 2021 жылы – 49, 2022 жылы – 44);

3) шетел білімі бар үміткерлерді қабылдау 43%-ға, Академия түлектері – 31%-ға, ғылыми дәрежесі бар үміткерлер саны – 2 есеге ұлғайды.

Қазіргі таңда Президент Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша ақшалай ынталандыру тетіктерін жетілдіруге және мемлекеттік қызметшілердің төменгі атқарушы лауазымдарының жалақысын арттыруға бағытталған жаңа тәсілдер әзірленуде.

Әлуетті блок қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуге қатысты

Үкімет әлуетті органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне еңбекақы төлеудің жаңа жүйесінің жаңа тәсілдерін әзірлеуде.

Бүгінгі күні әлуетті органдардың лауазымдары деңгейлер мен санаттар бойынша бөлінген, лауазымдық жалақының өзара байланысты бірыңғай кестесі әзірленген.

Бұл ретте мақсаттардың бірі болып еңбекақы төлеудегі теңгерімсіздікті жою және теңдестірілген еңбекақы жүйесіне көшу табылады.

Бюджетке жүктемені болдырмау мақсатында әлуетті органдардың жаңа жүйеге 2024 жылдан бастап кезең-кезеңімен көшіру жоспарлануда.

Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар қаржылай қажеттілікті есептеуде.

Квазимемлекеттік сектор жұмыскерлеріне еңбекақы төлеуге қатысты

Үкімет квазимемлекеттік секторды (*бұдан әрі – КМС*) реформалау туралы заң жобасын әзірледі.

Заң жобасы шеңберінде түзетулер енгізу көзделуде, оған сәйкес КМС субъектілері ретінде өз қызметінен кіріс алу мақсатында құрылған экономикалық ұйымдар ғана қарастырылады.

Сонымен бірге, қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың жұмыскерлері азаматтық қызметшілер санатына жатқызылады.

Анықтама ретінде: Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша азаматтық қызметкерлердің саны шамамен 1,2 миллион адамды құрайды.

Азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесі мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың барлық жұмыскерлеріне арналған бірыңғай әдістемеге негізделген (*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы*).

Анықтама ретінде: азаматтық қызметшілердің лауазымдары функционалдық блоктар бойынша жіктеледі: А блогы – басқарушы персонал; В блогы – негізгі персонал; С блогы – әкімшілік персонал; D блогы – көмекші персонал.

Азаматтық қызметшінің лауазымдық жалақысы негізгі лауазымдық айлықақыдан және лауазымдардың функционалдық блокқа жатқызуына және мамандық бойынша жұмыс өтіліне байланысты бекітілген тиісті коэффициенттерден қалыптасады.

Бүгінгі күні Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Дүниежүзілік банкпен бірлесіп, азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізіп жатыр.

Өз кезегінде, квазимемлекеттік сектордың акционерлік қоғамдарының (*бұдан әрі – АҚ*) қызметі «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен реттеледі.

АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің шарттары мен тәртібі ұйымдардың ішкі құжаттарымен реттеледі.

АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 53-бабына сәйкес Директорлар кеңесі бекітетін тиісті қаржы жылына арналған даму жоспарларында көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Тұтастай алғанда, КМС қызметкерлерінің еңбекақысы еңбек нарығындағы (*қаржы және сақтандыру секторы, медицина саласы, IT дамыту нарығы және т.б.*) жалақы деңгейін талдауды ескере отырып белгіленеді.

Бүгінгі таңда Үкімет мемлекеттік және азаматтық қызметшілердің, әлуетті блок қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша Парламент Мәжілісіне тиісті ақпарат ұсынылатын болады.

Ә. Смайылов



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии
«АМАНАТ»

На № ДС-111 от 27 апреля 2023 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос, сообщаю следующее.

Касательно оплаты труда государственных служащих

С 2018 года в пилотном режиме в 7-ми государственных органах (АДГС, АПК, МЮ, акиматы городов Астаны, Алматы, Шымкента и Мангистауской области) апробирована новая система оплаты труда административных государственных служащих, основанная на факторно-балльной шкале.

С 1 июля 2021 года обеспечен полноценный переход на новую систему оплаты труда местных исполнительных органов.

В центральных государственных органах переход на новую систему оплаты труда осуществляется на поэтапной основе с 1 января 2022 года до 1 января 2024 года.

По новой системе оплаты труда размеры должностных окладов госслужащих определяются на основе распределения должностей по уровням и функциональным блокам (А, В, С), и схем должностных окладов.

При этом каждая должность оценивалась по факторам: уровень знаний, компетенций и опыт работы, область решаемых вопросов и степень их сложности, степень влияния на результаты деятельности госоргана.

К примеру, административные должности распределены по уровням и функциональным блокам (старший управленческий персонал – корпус «А»), «А» (основной персонал), «В» (содействующий персонал) и «С» (вспомогательный персонал).

Справочно: к функциональному блоку «А» относятся служащие, должностные полномочия которых **непосредственно** влияют на достижение и реализацию стратегических целей и задач, подготовку решений, определение и реализацию госполитики;

к функциональному блоку «В» относятся служащие, должностные полномочия которых **косвенно** влияют на достижение и реализацию стратегических целей и задач, подготовку решений, определение и реализацию госполитики;

служащие, не включенные в блоки «А» и «В» относятся к функциональному блоку «С».

Распределение по функциональным блокам госорганами осуществляется самостоятельно в зависимости от стоящих перед ними приоритетных задач.

Агентством по делам государственной службы (*далее – АДГС*) при плановых проверках госорганов проверяется объективность распределения должностей по блокам.

По схеме должностных окладов политические должности сгруппированы по 11 уровням, административные – по 15.

Внедрение новой системы оплаты труда позволило сократить разницу в заработной плате исполнительского звена центра и регионов, повысить привлекательность государственной службы, обеспечить кадровую стабильность, а также снизить количество коррупционных и этических правонарушений.

По информации АДГС, введение новой системы оплаты труда в госорганах показало следующие результаты:

1) сменяемость кадров снижена в 1,6 раза (в 2020 году – 4,5%, 2021 году – 4,3%, 2022 году – 2,7%);

2) количество госслужащих, уволенных за коррупционные правонарушения, сокращено в 2 раза (в 2020 году – 82, 2021 году – 49, 2022 году – 44);

3) прием кандидатов с зарубежным образованием вырос на 43%, выпускников Академии – на 31%, имеющих ученую степень – в 2 раза.

В настоящее время по поручению Администрации Президента прорабатываются новые подходы, направленные на совершенствование механизмов денежного поощрения и повышение зарплат низовых исполнительских должностей государственных служащих.

Касательно оплаты труда сотрудников силового блока

Правительством прорабатываются новые подходы по новой системе оплаты труда сотрудников и военнослужащих силовых органов.

На сегодня должности силовых органов распределены по уровням и категориям, разработана единая взаимоувязанная сетка должностных окладов.

При этом, одним из целей является исключение диспропорций в заработных платах и переход на сбалансированную систему оплаты труда.

В целях недопущения нагрузки на бюджет планируется поэтапный переход силовых органов на новую систему с 2024 года.

В настоящее время государственными органами ведутся расчеты по финансовой потребности.

Касательно оплаты труда работников квазигоссектора

Правительством разработан законопроект по реформированию квазигосударственного сектора (*далее – КГС*).

В рамках законопроекта предусмотрены поправки, согласно которым к субъектам КГС будут относиться только экономические организации, созданные с целью извлечения дохода от своей деятельности.

Вместе с тем, согласно действующему законодательству, работники государственных предприятий отнесены к категории гражданских служащих.

***Справочно:** согласно данным Бюро национальной статистики количество гражданских служащих составляет порядка 1,2 млн чел.*

Система оплаты труда гражданских служащих базируется на единой методологии для всех работников государственных учреждений и предприятий (постановление Правительства от 31 декабря 2015 года №1193).

***Справочно:** должности гражданских служащих классифицируются по функциональным блокам: Блок А – управленческий персонал; Блок В – основной персонал; Блок С – административный персонал; Блок D – вспомогательный персонал.*

Должностной оклад гражданского служащего формируется из базового должностного оклада и соответствующих коэффициентов, утвержденных в зависимости от отнесения занимаемых должностей к функциональным блокам и стажа работы по специальности.

На сегодня Министерством труда и социальной защиты населения совместно со Всемирным банком проводится исследование по дальнейшему совершенствованию системы оплаты труда гражданских служащих.

В свою очередь, деятельность акционерных обществ (далее – АО) квазигосударственного сектора регулируется Законом «Об акционерных обществах».

Условия и порядок оплаты труда работников АО регламентирован внутренними документами организаций.

Оплата труда работников АО производится за счет средств, предусмотренных в планах развития на соответствующий финансовый год, утверждаемый Советом директоров в соответствии со статьей 53 Закона «Об акционерных обществах».

В целом, должностные оклады работников КГС установлены с учетом анализа уровней заработных плат на рынке труда (финансовый и страховой секторы, медицинская сфера, рынок IT-развития и т.д.).

На сегодня Правительством ведется планомерная работа по дальнейшему совершенствованию системы оплаты труда государственных и гражданских служащих, сотрудников силового блока.

По итогам проведенных работ соответствующая информация будет представлена в Мажилис Парламента.

А. Смаилов